АТАМЕКЕН
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
АТАМЕКЕН

ӨКІМ

2025ж. 08 қаңтар
Атамекен ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 3Ө
село Атамекен

Парус-Каз-Бюджет ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметтер бір көзден алу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 21-3 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28-тармакшасына және 2010 жылғы 28 желтоқсандағы Авторлық құқық обьектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы № 1900 куәлігі негізге ала отырып:

1. 2025 жылдарға арналған Атамекен ауылдық округ әкімі аппаратының Парус-КАЗ-Бюджет ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және техникалық қолдау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бас маман есепші З. С. Ибраева мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Казақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес «Парус-КАЗ» ЖСШ әлеуетті өнім берушіге шақыру жіберілсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдауға жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Ауылдық округ әкімі **Ф.Умбеткалиев**

000270